

**№19 жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілген математика,
информатика, физика пәндер бірлестігі апталығының қорытынды есебі
2021-2022 оқу жылы**

Ақпан айының 7-11 күндері аралығында мектебімізде «Әлем нақты ғылымдар тілінде тақырыбында» математика, информатика, физика пәндер бірлестігі апталығы өтті.

Мақсаты: математика, информатика және физика сабақтарында және сабақтан тыс іс-шараларда оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру, ой-өрісі мен таным белсенділіктерін жан-жақты жетілдіру, оқушылардың математика, физика және информатика пәндері бойынша білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту

Апталық барысында бекітілген жоспар бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар мен ашық сабақтар онлайн және офлайн режимінде тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы жаңартылған білім беру мазмұнына сай өткізілді.

7 ақпан күні мектептің мәжіліс залында 13.15-14.00 уақыт аралығында 5,9,11 сыныптардың офлайн қатысуымен және 6,7,8,10 сыныптардың онлайн қатысуымен апталықтың ашылу кеші өткізілді. Ашылу кешінде апталық жоспары таныстырылды, оқушылар тақырыпқа сай өлең айтып, би билеп, тақпақтар оқыды. 5 сынып оқушылары сахналық көріністер қойып, әртүрлі заттардан математикалық костюмдер дайындап, көрсетті. Кеш барысында оқушыларға викториналық сұрақтар, логикалық тапсырмаларға берілді, оқушылар өздерінің қызығушылықтарын танытып, белсенді қатысты.



Мектеп фойесінде «Математика әлемі» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрмеде оқушылардың жасаған буклеттері, рефераттар, математикалық фигуралар, ребустар қойылды. Оқушылар отыратын кабинеттің есіктерінде оқушыларды апталыққа белсенді қатыстыру мақсатында «Білгенге маржан» айдарымен сөзжұмбақтар,

логикалық есептер, тарихи мағлұматтар және де басқа да қызықты мәліметтер берілген хабарламалар ілінді. Сөзжұмбақтар мен логикалық есептерді шешкен оқушыларға мақтау қағаздары берілетіні ескертілді.



8.02 күні математика пәні мұғалімі Жукенова Асемгуль Ермековна 11 «Б» сыныбында «Санның логарифмі және оның қасиеттері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ оқу мақсаттары: 11.3.1.16-санның логарифмі, ондық және натурал логарифмдер анықтамаларын білу; 11.3.1.17-логарифм қасиеттерін білу және оларды логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдану. Сабақ күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай өткізілді. Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталды. Психологиялық ахуал орнатылды. Үй жұмысын тексеру үшін оқушыларға дайын шешім интербелсенді тақтада көрсетілді. Оқушылар өзін-өзі тексеру жүргізді. Өткен тақырыпты қайталау мақсатында оқушылар ауызша сұрақтарға жауап берді және формулаларды “Бос орынды толтыр” стратегиясы арқылы жазды. Сабаққа қызығушылықтарын ояту үшін ауызша есептеу жүргізілді. Оқушылар белсенді

қатысып, шапшаң есептеді. Келесі кезеңде оқушылар «Онлайн мектеп» сайтынан сәйкестендіру тапсырмасын орындады. Оқушылар осы сайтпен жие жұмыс жасайтыны көрінді. Тақтаға шыққан оқушылар АКТ қолдана



алатыны көрінді.

Әрі қарай топтық жұмыс ұйымдастырылды. Оқушылар топта математикалық софизмдер шешіп, әр топ өз жұмыстарын қорғады.

Келесі кезеңде оқушылар тақтаға шығып, деңгейлік тапсырмалар орындады. Есептердің деңгейін оқушылар өздері таңдады. Барлық тапсырмалар деңгейге сай болды. Оқушылар өз білімдерін көрсете алды.

Келесі кезеңде оқушылар топтық жұмыс орындады. Жұмыстың түрі оқушыларға өте қызықты болды. Есептердің жауаптары арқылы олар құпия сөзді табу керек болды. Топтар бір-бірімен жарысып, шапшаң есептеді. Табылған сөз тақырыппен байланысты болды.

Логарифм сөзінің аудармасын тауып, терминді еңгізген Д. Непер туралы оқушылар қысқаша мәлімет алды.




Сабақтың соңында оқушыларға кері байланыс парақтары таратылды. «Блоб ағашы» әдісі арқылы оқушылар өз жұмыстарына рефлексия жасады, ойларымен бөлісті. Сабақ бойы бағалау парақтарын толтырды. Сабақтың қорытындысы жасалып, оқушыларға баға қойылды. Барлық жоспарланған жұмыс орындалды. Сабақ мақсатына жетті.

8.02ж күні физика пәні мұғалімі Касымов Е.Т. 9 г сыныбында «Колебания маятников. Определение ускорения свободного падения» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсаты: 9.2.5.7 исследовать зависимость периода колебаний маятника от различных параметров ; 9.2.5.6 объяснять причины возникновения колебаний в различных колебательных системах. Сабақ тақырыбы сөзжұмбақ шешу арқылы анықталды. Сынып 4 топқа бөлінді. Әр топ берілген тапсырмаларын қорғады. Бекітуге есептер шығарылды, лабораториялық жұмыстар жасалынды. Сабақта оқушылар белсенді болды. Сабақ мақсатына жетті.




8.02.2022 күні Жакупова Г.М. 6 «Д» сыныбында оқушылардың танымдық ойлау қабілетін дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында «Занимательная математика» тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізілді. Сабақ ZOOM желісінде онлайн өткізілді. Сабақ ой толғау бөлімінен басталды. Миды шабуыл әдісін қолданып 6 сұрақтан тұратын «Разминка» айдарымен тапсырма берілді. Сабақта математикалық жұмбақтар, ребусты шешу, логикалық тапсырмаларды оқушылар қығушылықпен орындай алды. Сабақ қашықтан оқыту ережелеріне сай 30 минут аралығында өтті. Сабақ мақсатына жетті.




9.02 күні ZOOM желісінде 7 «В» сыныбында геометрия пәнінен Малдыбекова Г.М. «Үшбұрыштар бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ мақсаты: 7.1.1.17 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.19 үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы қолдану. Сабаққа сынып оқушылары толық

қатысты. Оқушылар дауыс және камера қосып, онлайн сабақ ережелерін сақтай білді. Сабақ оқушылардың ынта-жігерін арттыратын видеоролик көрсетуден басталды. Сабақ тақырыбы мен сабақ мақсаты Оқушылармен бірге анықталды. Сабақтың басы Миға шабуыл стратегиясы негізінде «1 минут» әдісі қолданылып, оқушылар үшбұрыш ұғымына қатысты ұғымдар мен түсініктерді, теоремаларды топтастырып, ассоциация құра білді.



Әрі қарай сынып, сурет бойынша «Теңбүйірлі үшбұрыштар», «Тең қабырғалы үшбұрыштар» және «Тік бұрышты үшбұрыштар» болып үш топқа бөлінді. Әр топ өздерінің тобына берілген үшбұрыш қасиеттерін сипаттап айтып берді. Әр топқа «Мен білемін», «Сәйкестікті тап», «суреттермен жұмыс» айдарымен тапсырмалар берілді. Оқушылар белсенді жауап бере білді. Келесі кезеңде **learning apps.org** сайтында тақырып бойынша құрылған тапсырмаларға оқушылар «+», «-» қою арқылы жауап берді. Оқушылардың жеке жұмысы kahoot ойынын өткізуде, тест сұрақтарына жауап беру арқылы көрінді. Тест жұмысын дұрыс әрі жылдам орындаған оқушылар мадақталды. Келесі кезеңде оқушылар өзіндік жұмыс тапсырмасын орындады. Өзіндік жұмыс тапсырмасы барлық оқушы орындауға және жеке оқушы орындауға арналған 2 нұсқада берілді. Жеке оқушы тақтада, ал қалған оқушылар өз беттерімен орындады. Басқа оқушылар өзіндік жұмыс тапсырмасын дайын жауаптар арқылы тексерді. Өзіндік жұмыс тапсырмасын орындауда кері байланыс жасалды. Оқулықпен жұмыс ұжымдасқан түрде, оқулықта берілген 16.11 нөмері талдау жасала отырып, шығарылды.



Оқушыларға жеке тапсырма онлайн мектепте жүктелді. Сабақ соңында кері байланыс «Бағдаршам» әдісі арқылы жасалды. Сабақ ZOOM желісінде 30 уақыт өтті. Мұғалім сабақтың қалған бөлігінде оқушылар оқулық бойынша берілген жеке тапсырманы орындап, онлайн мектепке жүктеу керектігін ескертті: Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар мадақталды. Сабақ мақсатына жетті. Оқушылар белсенді қатысты. Сабақ қашықтықтан оқу талаптарына сай өткізілді

9.02.2022 күні 7 «Б» сыныбында Касенова Б.И. ашық сабақ өтті. Сабақ ZOOM желісінде өтті. Сабақтың тақырыбы: Қысым. Қысымның қатты денелер, сұйықтар және газдар арқылы берілуі. Мақсаты: Оқушылардың білім деңгейін анықтау, логикалық ойлау қабілеттері мен жағдаяттан шығу дағдыларын дамыту, танымдық белсенділіктері мен пәнге қызығушылықтарын арттыру; Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру; Оқушыларды көпшілік ортада сөйлеуге және өз ойын еркін айта алуға дағдыландыру, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу;


«Қысым» бөлімі бойынша жаңа тақырып «Қысымның қатты денелер, сұйықтар және газдар арқылы берілуі. Паскаль заңы» тақырыбында физика пәні мұғалімі Касенова Балжан Ибраймовна 7 «Б» сыныбымен ашық сабақ өткізді. Жаңартылған білім беру мазмұнын ескере отырып бұл сыныпта сабақты жақсы көңіл-күймен бастап, сабақтың мақсаты

анықталып, жұппен, топпен, жеке жұмыстары тапсырмалары орындалды. Әдіс – тәсілдерде түрлі болды атап айтса Сұрақ-жауап тәсілі, Адаққан әріптер ойыны, сәйкестендіру, Физикалық эксперимент - Stop-кадр тәсілі және АКТ қолдана отырып Білім Лэнд сайты арқылы тәжірибелер қарастырылды, әр тапсырмадан кейін мадақтау, смайликтер арқылы оқушы бағаланды, сабақ соңында кері байланыс жасалып үй жұмысы берілді, бағалау парағы толтырылды.Сабақ мақсатына жетті.



9.02.2022 күні Курмансеитова Б.С. ZOOM желісінде ашық сабақ өтті.Тақырыбы: «Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу».Сабақ мақсаты: 7.3.1.9 атмосфералыққысымның табиғатын түсіндіружәне оны өлшеудің әдістерін ұсыну.

Сабақта сәйкестеніру тапсырмасы, «Кім жылдам» ойыны болды. Жаңа сабақты түсіндіру онлайн мектеп сайтындаға видео көрсетумен негізделді.Оқушылар жаңа сабақты мұғалім нұсқауымен өздері талдап, түсінді.Сабақты бекітуде сынып су, өсімдік майы, сүт болып 3 топқа бөлініп , тақырып бойынша сұрақтарға жауап берді.Атмосфералық қысымға байланысты тәжірибе жасалынды.2 топтан үш оқушы «Атмосферадағы зиянды заттардың қоршаған ортаға әсері», «Атмосфераны зиянды заттардан тазарту үшін не істеу керек?» тақырыптарында презентация қорғады, 3,4 топ тақырып бойынша есептер шығарды.Сергіту сәтінде «Біз қалай тыныс аламыз?» деген жаттығу жасалды.Кері байланыс «Білім қоржыны» әдісі арқылы жүзеге асты.Оқушының жеке тапсырмасы онлайн мектепте берілді.Сабақ мақсатына жетті.Сабақ қашықтан оқыту ережелеріне сай өткізілді.



9.02. күні «Мобильді қосымша жасау» тақырыбында Ділімұқаш А.Ж 11 «А» сыныбында ашық сабақ өтті.Мақсаты: конструкторде ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құру;әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын білу .Сабақтың басында «Адаққан әріптер » әдісі арқылы үй тапсырмасы тексерілді




Оқулықпен жұмыс үшін 3 сұраққа үш минут берілді . Ең бірінші жеке оқушыға өз қалауымен аспаптың суретін және әуенің қолданып мобильді қосымшаны құруға 7 минут берілді.



Келесі топтық жұмыс үшін оқушыларды үш топқа бөліп екі оқушы «Калькулятор» мобильді қосымшасын жасайды ал екі оқушы «Сыйқырлы сағат» атты сұрақтарға жауап береді.



Орындалған практикалық тапсырмаларды қортындылау гугл форма арқылы орындалды



Сабақтың соңын үй тапсырмасы беріліп, «Жетістік баспалдағы» кері байланыс жасалды.

9.02.2022 күні 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Математика күнделікті өмірде!» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, маңыздылығын түсіну, оқушылардың араторлық қабілеттерін, ғылыми таным-түсініктерін дамыту. Дөңгелек үстелде 11 сынып оқушылары Сейтмашева Нұрай, Бахтыбек Ақберен, Жақсылықова Шұғыла, Сырымбетқызы Сабрина, Петренко Ирина, Ержанова Салина, Ахметжанова Анар, Канапина Айгерим тақырып бойынша дайындаған баяндама, презентацияларын қорғады. Сондай-ақ дөңгелек үстелге кәсіпкер және банк қызметкері болып жұмыс жасайтын 11 Б сынып оқушыларының ата-аналары қашықтан қатысты. Олар өздерінің мамандықтары бойынша математика пәнінің өмірде қаншалық керек екендігін дәлелмен жеткізіп айтып берді.





9.02.2022 күні информатика пәнінен 5 «В» сыныбында «Информатика әлеміне саяхат» атты сыныптан тыс іс шара өткізілді. Пән мұғалімі: Болат С. Мақсаты: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және өз білімін өзге оқушылармен салыстырып, әрбір оқушы өзінің білім деңгейін топтық жарыста көрсете білуге үйрету. Іс-шара сайыс түрінде өткізілді. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. 1. “Жұмбақты шеш” 2. “Кім жылдам?” Ұяшықтардағы тапсырмаларға жауап береді 3. “Қасиетті тілім менің” 4. «Кім суретші» 5. “Тапқырлық”. Оқушыларды геометриялық фигуралар арқылы 2- топқа бөлінді. 1-топ «Алғырлар» және 2-топ «Білгірлер» деп аталды. Әр бір кезеңнен сүрінбей өтіп, оқушылар өз білімдерін көрсете білді. Жұмбақтар шешті, информатикаға байланысты тапсырмалар мен сұрақтарға жауап бере алды. «Қасиетті тілім менің» бөлімінде сөздердің үш тілдегі баламасын айтты. «Кім суретші» бөлімінде жұп болып жұмыс жасап геометриялық фигураларды қолдана отырып 3 D paint графикалық редакторында үй жануарларын салды. «Тапқырлық» кезеңінде адасқан әріптерден сөздер құрастырды. Сайыстың соңында ұялы телефондары арқылы гугл форма көмегімен сауалнамаларға жауап берді. Сабаққа оқушылар қызығушылықпен қатысты.



10.02 күні математика пәні мұғалімі Боранбаева М.А. 9 «Г» сыныбында ашық сабақ өткізді. Сабақ тақырыбы: «Формулы приведения». Сабақ оқу мақсаты: 9.2.4.4 келтіру формулаларын қолдану. Оқушылар 4 топқа бөлінді. Сабақ, жағымды психологиялық ахуал орнату үшін және оқушыларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу мақсатында видео көрсетуден басталды. Ары қарай оқушылар интербелсенді тақтада көрсетілген дайын жауаптары бойынша үй жұмыстарын тексерді. Оқушылардан «Хочу спросить» стратегиясын пайдаланып тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауаптар алынды. Келесі кезеңде топқа бөлінген оқушылар деңгейлік тапсырмалар орындады.

Оқушылардың математикалық тілдері жатық, дұрыс жауаптар бере білді. Ары қарай сабақта **learning apps.org** сайтында берілген тапсырмалар оқушыларға қызықты болды. Олар шапшаң әрі жауап бере алды.



Оқушылар А,В,С деңгейі бойынша берілген тапсырмаларды топ мүшелері



кезекпен тақтаға шығып орындады.Әрі қарай «Сәйкестікті тап» тапсырмалары орындалды.Оқушылардың жеке жұмысы videjuroki.net сайтынан алынған тест жұмысында көрінді.Оқушылар өздерінің ұялы телефондары арқылы кіріп тест сұрақтарына джауап берді және жауаптарының нәтижелерін бірден біле отыра бағалау парақтарына қойылып отырды.



Сабақ соңында «СМС» әдісі арқылы кері байланыс жасады.Бағалау парақтарындағы жалпы баллдарды топ басшылары баяндады.Оқушылар смс хабарламаларында сабақ бойынша жазған пікірлерін оқып берді|Сабақ мақсатына жетті. Оқушыларға толық формативті баға қойылды.



10.02.2022 күні 5 «В» сыныбында Амержанова Ш.Б. «Ондық бөлшектерді қосу және азайту» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсаты: 5.1.2.27 Ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау. Сабақ күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай өткізілді.Сабақ жағымды психологиялық ахуал тудырудан басталды.Сынып 4 топқа бөлінді.Сабақтың тақырыбы ребус шешу арқылы анықталды.Сабақ мақсаты оқушылармен бірге талқыланды.Мұғалім оқушыларды сабақ кезеңдерімен, бағалау парақтарымен таныстырып

өтті.Үй тапсырмасы интербелсенді тақтада көрсетілген дайын жауаптарымен тексерілді.Ары қарай оқушылар тақырып бойынша қайталау сұрақтарына дұрыс жауаптар берді. «Алтын сандық» стратегиясы бойынша ауызша есептеулер жүргізілді.Келесі кезеңде



«Тұжырым дұрыс па?» әдісі бойынша оқушылар жұптасып тапсырма орындады.Тапсырманың жауаптары интерактивті тақтада көрсетілді.Жұптық жұмыстың бағалауы «бағдаршам» әдісі бойынша жүзеге асты.Сергіту сәті болғаннан кейін үлестірмелі қағаздар бойынша А,В,С деңгейлерден тұратын жеке жұмыс орындалды.Төрт оқушы тақтада орындады. Қалған оқушылар орындарында орындап, дайын жауаптар бойынша бір-бірінің жұмыстарын тексерді.Оқушылардың жеке жұмысының бағалауына «бас бармақ» әдісі қолданылды.Келесі кезеңде **learning apps.org** сайтынан алынған тапсырманы топтар бөліп алып, орындады.Тапсырманы оқушылар шапшаң, әрі қызығушылықпен орындады.Үй тапсырмасы оқулық бойынша берілді.Бағалау парақтары сабақ бойы толтырылып отырды.Сондай-ақ оқушылар әр кезең тапсырмасына көрсетілген үлестірмелі қағазда салынған үй суретін қызыл,сары, жасыл түстерге бояу арқылы өзіндік бағалауларын көрсете алды.




Сабақ соңында кері байланысқа «Алма ағашы»әдісі қолданылды.Сабақ қызықты, әрі тартымды өтті.Оқушылар белсенді болды,сабақ мақсатына жетті.

10.02. күні Малдыбекова Г.М. 7 Б, 7 В, 7 Г сыныптардың қатысуымен ZOOM желісінде «Ғажайып математика» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді.Мақсаты:

Оқушылардың математика пәніне қызығушылықтарын артыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Іс –шарада оқушылар логикалық сұрақтар, математикалық мақал-мәтелдердің жалғасын табу, адасқан әріптерден математикалық терминдерді табу сынды сұрақтарға белсенді жауап берді. «Математика және поэзия» бөлімінде математикалық өлең –жырлар оқып, оқушылар іс-шараға белсенді қатысты.




11.02.2022 күні 7 «А» сыныбында Нүкиева А.Е. ZOOM желісінде ашық сабақ өтті. Сабақ тақырыбы: Қысқаша көбейту формулалары. Сабақ мақсаты 7.2.1.10 қысқаша көбейту формулаларын $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$, $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ біледі және қолданады. Сабақ оқушыларға видеоролик көрсету арқылы оқушылардың назарын сабаққа аударумен және ынталандырумен басталды. «Бір қадам сұрағы» әдісі бойынша оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақтарға ауызша жауап берді. Сабақ тақырыбы мен мақсатын оқушылар айқындады. Бос ұяшыққа орналастыру бойынша өрнектер мен формула аттарын жұптастыру тапсырмасы орындалды.



Келесі кезеңде «Сәйкестендіру» тапсырмасы орындалды. Оқушылар дұрыс, әрі нақты жауаптар берді. Сергіту сәтінде көзге арналған жаттығу жасалынды. «Ойлан, қатені тап!» тапсырмасында сандардың квадраттарын екі өрнектің квадраттарының айырымы формуласын пайдаланып табылған өрнектер бойынша қателер түзетіліп, тапсырманы орындауда оқушылар белсенділік танытты.


Формулаларды пайдаланып есептеуге деңгейлік тапсырмалар орындалды. Оқушылардың жеке жұмысы «Өзіндік жұмыс» тапсырмасын орындауда жүзеге асты. Оқушылар тапсырманы көрсетілген дұрыс жауаптар бойынша тексерді. Сабақ соңында кері байланыс жасалды. Сабақ ZOOM желісінде 25 минут өтілді. Сабақтың қалған уақытында оқушылар онлайн мектепке жүктелген тапсырманы орындады. Оқушылар толық бағаланды. Сабақ мақсатына жетті. Қашықтан оқу режиміндегі сабақ өткізу талаптары сақталды. Оқушылар дауыс, камера қосып сабаққа белсенді қатысты.

11.02.2022 күні 10 «Б» сыныбында Тохан Х ашық сабақ өтті.Сабақ ZOOM желісінде қашықтан өткізілді. Сабақ тақырыбы:«Функция графигінің асимптоталары».Сабақ мақсаты: 10.4.1.10 Функция графигіне жүргізілген асимптотасының анықтамасын білу және асимптоталардың теңдеулерін құра білу. Оқушылардың сабаққа дайындығы тексерілгеннен кейін, өткен тақырып бойынша қайталану сұрақтарына жауаптар берілді.Функцияның асимптоталары туралы түсінікті қайталау үшін bilimland сайтынан видеоролик көріп талданды.



Вертикаль,горизонталь,көлбеу асимптоталар формулалары қайталады.Мысалдар қарастырылды. bilimland платформасынан сәйкестендіру, фінкция асимптоталарын табуға есептер шығарылды.Жеке тапсырма ретінде (үй тапсырмасы) оқулықтан есептер беріліп,онлайн мектепке жүктелу керек екендігі ескертілді..Оқушылар сабақта белсенді болды.Сабақ мақсатына жетті.

11.02 күні 6 «Е» сыныбында «Арифметикалық өрнектердің жазылу ережелері» тақырыбында ашық сабақ ZOOM желісінде өтті. Сабақтың мақсаты:**Python-да** арифметикалық амалдарды жазу ережелері.**Python-да** арифметикалық амалдарды жазу;операциялардың орындалу ретін анықтау;арифметикалық амалдарды орындау нәтижесін анықтау.Сабақта зумм, онлайн мектеп, гугл форма, онлайн python программалары қолданылды. Сабақ мақсатына жетті.Оқушылар сабақта белсенді болды



11.02 күні Информатика пәнінен 4 « в» сыныбында «Презентацияға арналған ақпарат» атты ашық сабақ өткізілді. Мақсаты: Мәтін мен бейнелерден тұратын презентация жасау, нақты сұрақтарға жауап табу үшін ғаламторды қолдану. Презентация жасау үшін ғаламтордан жүктей біледі.Сабақтың барысында шаттық шеңбер әдісі, үй тапсырмасы, миға шабуыл әдісі үй тапсырмасына жауап береді. Жаңа тақырып түсіндіріледі слайд арқылы , практикалық тапсырманы істейді,ғаламторды пайдаланып суреттер жүктеп презентацияға қояды мәтіндер кірістіреді жұмыстарын сақтап қояды. сергіту сәті, аңдар биі Конверт әдісі арқылы жаңа тақырыптын сұрақтарына жауап береді, смайликтер арқылы мадақталады. Бекіту сұрақтары, кері байланыс, үй тапсырмасы беріледі.



11.02.2022 күні апталықтың жабылу кеші өтті. Жабылу кешінде апталықта өткізілген іс-шараларға қорытынды жасалды. Апталыққа пән мұғалімдері түгел қатысты. Апталыққа белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. 25 оқушы мақтау қағаздарымен марапатталды.



Апталықта қорытындылайтын болсақ, апталықта жоспарланған барлық іс-шаралар өз уақытында жақсы деңгейде өтілді. Пән мұғалімдері өзара тәжірибе алмасып, сабақта қолданған әдіс-тәсілдермен бөлісті. Бір-бірінің сабағына талдау жасап, кері байланыс жасады. Жукенова А.Е, Боранбаева М.А., Ділмұқаш А.Ж, Болат С., Амержанова Ш.Б. сабақтары үздік ашық сабақ деп танылды.